



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есептеу ережесін бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 15 қараша N 395. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 29 желтоқсанда N 1014 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 57 қаулысымен (V042858).

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есептеу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есептеу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есептеуі туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде вексельдермен операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету ережесінің жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің қарауына ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есептеу ережесі

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" 1997 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) коммерциялық аударым және жай вексельдерді (бұдан әрі - вексельдер) қайта есептеу тәртібін реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) вексельдерді қайта есептеу - Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден - есеп кеңсесінен (бұдан әрі - банк) олар есепке алған вексельдерді төлем мерзімі басталғанға дейін есеп кеңсесіне вексель сомасын төлей отырып және оның белгілі бір бөлігін ұстап қала отырып (дисконт) индоссамент бойынша қабылдау;

2) бланктік индоссамент - вексель берілетін адам көрсетілмеген немесе индоссанттың қолы ғана бар индоссамент;

3) вексель көшірмесі - бұл вексельде бар индоссаменттермен және барлық басқа да белгілерімен қоса, оның түпнұсқасының дәл түсірілген көшірмесі. Онда сондай-ақ қолында вексельдің түпнұсқасы бар адам көрсетіледі.

Ұлттық Банк вексельдерді қайта есептеуді ақша-кредит саясаты мақсатына сәйкес жүзеге асырады және жүргізілетін операциялар көлемін дербес анықтайды;

3-1) уәкілетті бөлімше - Ұлттық Банктің атынан бірінші сыныпты эмитенттердің вексельдерін қайта есептеу жөніндегі операцияларды, сондай-ақ қайта есептелген вексельдерге байланысты басқа да операцияларды жүзеге асыратын Ұлттық Банктің бөлімшесі;

3-2) бірінші сыныпты эмитент - Қазақстан Республикасының аумағында вексель шығаратын, қаржылық жағдайы тұрақты және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бірінші сыныпты эмитенттер қатарына жатқызылатын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары.

Ескерту: 1-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .

2. Ұлттық Банк вексель сомасының бір бөлігін Ұлттық Банктің ресми есептік (дисконт) ставкасына сәйкес ұстайтын болады.

3. Ұлттық Банк ресми есептік (дисконттық) ставканы ақша рыногының жалпы жай-күйіне және кредит бойынша сұраныс пен ұсынысқа байланысты анықтайды. Ұлттық Банк мемлекеттік ақша-кредит саясаты шеңберінде банктердің есептік (дисконт) ставкасына ықпал ету үшін есептік (дисконт) ставканы жүзеге асырады.

4. Вексельдерді қайта есептеуді Ұлттық Банктің уәкілетті бөлімшелері жүзеге асырады. Ұлттық Банктің филиалдары қайта есептеуге байланысты операцияларды Ұлттық Банк Төрағасының не Ұлттық Банктің уәкілетті бөлімшесіне жетекшілік ететін Төраға орынбасарының жазбаша тапсырмасы

бойынша жүзеге асыра алады.

5. Ұлттық Банк банктерге - есеп кеңсесіне арналған вексельдерді қайта есептеу лимиттерін белгілеуге құқылы.

6. Ұлттық Банк банктердің - есеп кеңсесінің бұрынғы есепке алған вексельдерін қайта есепке алады.

7. Егер бұрынғы индоссамент бланктік болса, сондай-ақ индоссаменттердің бірізділігі бұзылған болса, Ұлттық Банк вексельді қайта есептеуге қабылдаудан б а с т а р т а д ы .

8. Егер вексельде "қайта есептеуге ұсынуға және ақша алуға сенемін" (вексель жөніндегі құқықтарды жүзеге асыруға байланысты қандайда бір іс-қимылды орындауға тапсырма беруді білдіретін кез келген жазба) деген жазу болса немесе вексельді қайта есептеуге ұсынуды және ақша алуды білдіретін басқа да жазба болса, онда ол адамның (вексель ұстаушы - осындай түрде құқығын басқаға беру жазбасы бар вексель ұстаушы) вексельді қайта есептеуге беруге байланысты барлық рәсімдерді жүзеге асыруға құқығы бар. Ұлттық Банк вексельді қайта есептеуге қабылдау туралы шешім қабылдағаннан кейін, вексель Ұлттық Банктің пайдасына басқаға тапсырылатын индоссаментті жасаған адам қол қойған индоссамент болса ғана қайта есептеуге қабылданады.

2-тарау. Вексельдерді қайта есептеуге қабылдау шарттары

9. Вексельдерді қайта есептеу операцияларын жүргізу үшін Ұлттық Банк пен банк вексельдерді қайта есептеу туралы Бас келісім жасасады.

Вексельдерді қайта есептеу туралы Бас келісім болса, банктер өздері есептеген вексельдерді қайта есептеу туралы Ұлттық Банкке өтініш беруге қ ұ қ ы л ы .

Ұ л т т ы қ Б а н к :

- 1) қорғау дәрежесі бар вексель қағазына шығарылған;
- 2) 100 мың теңгелік номиналы бар;
- 3) өтеу мерзімі алты айдан аспайтын;
- 4) бірінші сыныпты эмитенттер вексельдерін;
- 5) қолданылымдағы вексельдерді;

б) төлеу орны Қазақстан Республикасының аумағы деп көрсетілген вексельдерді қайта есептеуге қабылдайды.

Ұлттық Банк қайта есептеуге берілген вексельге аваль беруін банктен талап етуге құқылы. Авальды қаржы жағдайы тұрақты екінші деңгейдегі банк беруге тиіс. Ұлттық Банк оның қаржы жағдайының тұрақтылығын дербес анықтайды.

10. Ұлттық Банк ұсыну бойынша мерзімге немесе ұсынғаннан кейін белгілі бір мерзімге берілген вексельдерді қайта есептеуге қабылдамайды.

11. Бірінші сыныпты эмитенттердің вексельдеріне мынадай вексельдер

ж а т а д ы :

1) төлем жасаушысы - тұрақты қаржы жағдайы бар Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, сондай-ақ қаржы жағдайы тұрақты адамдардың екіден кем емес басқаға беру жазбасы (индоссаменттері) бар вексельдер. Ұлттық Банк мұндай адамдардың қаржы жағдайының тұрақтылығын дербес анықтайды;

2) вексель берушінің, акцептанттың (төлем жасаушының) және авалистің ол бойынша соңғы есеп беру кезеңі ішінде мерзімі өткен кредиторлық борышы жоқ вексельдер;

3) төлем жасаушының немесе ол тағайындаған адамның акцепті бар (аударым) вексельдер;

12. Егер вексельдің деректемелері "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес болса, ол заңды деп саналады. Ұлттық Банк қабылдайтын вексельдер мазмұнына қойылатын талаптар осы Ереженің 4-тарауында айқындалған.

13. Қола, достық (үстеме), қаржы вексельдері, сондай-ақ төлем жасай алмайтын төлем жасаушының векселі қайта есептеуге қабылданбайды.

14. Гербтік алым төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының арнайы заң актілерімен белгіленеді.

15. Ұлттық Банк:

1) егер вексель бойынша төлем жасау күніне дейінгі мерзім вексельдерді төлем жасалатын жерге жіберуге жететіндей мерзім болса;

2) егер оның мазмұнынан төлем орны, вексель бойынша міндетті адамдардың төлем жасау қабілеті туралы біржақты қорытынды жасау мүмкін болмаса немесе вексельдің мәтінінде вексель жөніндегі құқықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін кемістіктер болса, банктен вексельдерді қайта есептеуге қабылдаудан бас тартуға құқылы.

15-1. Ұлттық Банк вексельдерді қайта есептеген кезде банктен вексельге "шығынсыз айналым", "қарсылықсыз" деген ескертпелер немесе Ұлттық Банктің кері талап ету құқығын жүзеге асыру үшін акцептемеуде немесе төлем жасамауда оны қарсылық жасаудан босататын ескертпелерге тең кез келген басқа да ескертпелерді енгізуді талап етуге құқылы. <*>

Ескерту: 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен.

3-тарау. Вексельдерді қайта есептеуге қабылдау тәртібі

16. Вексельдерді қайта есептеуге тілек білдірген банк Ұлттық Банкке құжаттар пакетін береді, онда:

1) вексельдерді қайта есептеуге қабылдау жөнінде өтініш (N 1 қосымша);

2) вексельдің түпнұсқасы (егер бар болса, аллонажбен бірге);

3) банктің тиісті сенімхаты бар банктің уәкілетті адамы және Ұлттық Банктің вексельдерді қайта есептеуге жауапты бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - жауапты қызметкер) қол қойған, екі дана етіп жасалған вексельдерді қабылдау-өткізу актісі және вексельдердің тізілімі. Вексельдердің қабылдау-өткізу актісі мен тізілімі сондай-ақ электронды жазбада беріледі (осы Ережеге NN 2, 2-1) қосымша); <*>

4) вексельді пайдаланып тауарға төлем жасау көзделген шарттың нотариат куәландырған көшірмесі; <*>
5) < * >

б) вексельді қайта есептеуге ұсынатын адамға берілген сенімхат;

7) осы вексель бойынша заңға сәйкес гербтік алым төленгенін растайтын құжат болды.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен.

17. Егер Ұлттық Банкке қайта есептеу үшін вексельдің көшірмесі берілсе, онда вексельді қайта есептеуге ұсынушы банк сонымен қатар Ұлттық Банкке вексельдің түпнұсқасын беруге міндетті.

Егер Ұлттық Банкке қайта есептеу үшін бірнеше данада шығарылған аударым векселінің акцептелмеген данасы берілсе, онда аударым векселін қайта есептеуге берген банк сондай-ақ Ұлттық Банкке аударым векселінің акцептелген данасын (даналарын) беруге міндетті.

Ұлттық Банкке вексельдің түпнұсқасы немесе аударым векселінің акцептелген данасы (даналары) берілмеген жағдайда, Ұлттық Банк вексельдің көшірмесін немесе аударым векселінің акцептелмеген данасын (даналарын) қайта есептеуге қабылдаудан бас тартады.
18) < * >

Ескерту: 18-тармақ алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен.

19. Жауапты қызметкер вексельдерді қайта есептеу туралы шешім қабылдау үшін құжаттарды қабылдағанға дейін қайта есептеуге қабылданатын әрбір вексельдің жасалу дұрыстығын, сондай-ақ вексельдегі индоссаменттердің ресімделуін тексеруге міндетті, вексельдің міндетті түрде болуға тиісті деректемелерінің тіпті біреуінің болмауына немесе бүлінуіне әкеп соғатын физикалық (механикалық, химиялық және басқа) ақаулары бар вексель болса, мұндай вексель қайта есептеуге қабылданбайды. <*>

Ескерту: 19-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен.

20. Ұлттық Банк вексельді қайта есептеу туралы немесе қайта есептеуден бас тарту туралы шешімді тізімі осы Ережеде белгіленген құжаттардың толық

пакетін алған күннен бастап 10 банктік күн ішінде қабылдайды. <*>

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .

21. Ұлттық Банк вексельді қайта есептеу немесе қайта есептеуден бас тарту туралы шешім қабылдағаннан кейін жауапты қызметкер банкке вексельдердің сараптамадан өткізілгені және вексельдердің қайта есептеуге қабылданғаны немесе қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарламаны береді (осы Ережеге N 2 - 2 қ о с ы м ш а) .

Ескерту: 21-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .

22. Вексельді қайта есептеуге қабылдау туралы оң шешім қабылданған жағдайда банк Ұлттық Банктің пайдасына индоссамент ресімдеп, жауапты қызметкерге өткізеді. Ұлттық Банктің пайдасына табысталатын индоссаментке индоссантты вексель бойынша төлем жауапкершілігінен босататын шарттар е н г і з у г е б о л м а й д ы .

23. Ұлттық Банктің пайдасына индоссамент жасайтын адамдардың өкілеттігін растау үшін банк (есеп кеңсесі) вексельді өз атынан Ұлттық Банктің пайдасына индоссамент жасауға уәкілетті адамдардың қол қою үлгілері бар құжатты, сондай-ақ осы адамдардың вексель индоссаментін жасау өкілеттігі бар екенін растайтын құжаттарды Ұлттық Банкке береді.

24. Ұлттық Банктің пайдасына индоссаменті бар вексельдің түпнұсқасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банк дисконт, пошта және басқа шығыстарды алып тастай отырып банктің пайдасына вексель сомасын аударады.

4-тарау. Вексельдерді ұстауға қойылатын талаптар

25. Егер вексельде осы Ереженің 26, 29-тармақтарында көрсетілген деректемелер болмаса, онда Ұлттық Банк вексельдерді қайта есептеуге қ а б ы л д а у д а н б а с т а р т а д ы .

26. Ұлттық Банкке қайта есептеуге берілген аударым векселдерінде осы Ереженің 27, 28-тармақтарында көзделген жағдайлардан басқа мынадай деректемелер б о л у ғ а т и і с :

1) Құжат мәтініне енгізілген және осы құжат жасалған тілде жазылған " в е к с е л ь " д е г е н а т а у ;

2) белгіленген ақша сомасын төлеу жөніндегі ешнәрсеге негізделмеген б ұ й р ы қ ;

3) төлем жасауға тиісті жақтың (төлем жасаушының) атауы;

4) төлем мерзімінің көрсетілуі;

5) төлем жасалуға тиіс мекен-жайдың көрсетілуі;

6) төлем жасалуға тиісті жақтың атауы немесе бұйрығы;

7) вексель жасалған күн және орын;

8) вексель берушінің (вексель беруші) қолы;

27. Төлем жасаушының атауымен қатар ерекше көрсетілген орын белгіленбесе, сол орын төлем жасайтын орын және төлемшінің мекен-жайы (тұрған жері) деп саналады.

28. Егер аударым векселінде оның жасалған жері көрсетілмесе, онда ол вексель берушінің жанынан белгіленген жерде жасалған деп танылады.

29. Ұлттық Банкке қайта есептеуге берілген жай вексельдерде осы Ереженің 30, 31-тармақтарында көзделген жағдайлардан басқа мынадай деректемелер б о л у ы т и і с .

1) құжаттың мәтініне енгізілген және осы құжат жасалынған тілде жазылған " в е к с е л ь " а т а у ы ;

2) белгіленген соманы төлеу жөніндегі ешнәрсеге негізделмеген бұйрық;

3) төлем мерзімінің көрсетілуі;

4) төлем жасалуға тиіс мекен-жайдың көрсетілуі;

5) төлем жасалуға тиісті жақтың атауы немесе бұйрығы;

6) вексель жасалған күн және орын;

7) вексель берушінің (вексель беруші) қойған қолы;

30. Құжат жасалған жер айырықша көрсетілмеген болса, сол жер төлем жасайтын жер және сонымен қатар вексель берушінің мекен-жайы (тұрған жері) д е п с а н а л а д ы .

31. Егер аударым векселінде оның жасалған жері көрсетілмесе, онда ол вексель берушінің атауымен қатар белгіленген жерде жасалған деп танылады.

32. Ұлттық Банк вексель бойынша міндетті вексель берушінің, төлем жасаушының және басқа адамдардың бар екендігін тексеруі мүмкін, бірақ алдындағы индоссанттардың қойған қолдарының растығын тексермейді.

33. Егер вексель бойынша төлем мерзімі өтіп кеткен болса, онда Ұлттық Банк векселдерді қайта есептеуден бас тартады.

5-тарау. Вексель бойынша міндетті адамдардың төлем жасау қабілетін бағалау

Ескерту: 5-тарау алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .

6-тарау. Ұлттық Банктің қайта есептеуге қабылдаған вексельдерді тіркеу және сақтау тәртібі <*>

Ескерту: 6-тарау алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .

7-тарау. Ұлттық Банктің портфеліндегі вексельдермен Ұлттық Банк жүргізетін операциялар

40. Ұлттық Банк өзінің портфеліндегі вексельдермен мынадай операциялар жүргізуге:

1) индоссамент бойынша вексельдер беруге, оның ішінде берешекті өтеу үшін вексельді пайдалануға;

2) төлем мерзімі аяқталған кезде вексель бойынша төлемді алуға құқылы.

41. Ұлттық Банк "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес векселдің көшірмесін алуға құқылы.

8-тарау. Вексельдерді төлемге уақытылы өткізу немесе вексель бойынша төлемді алу барысы

4 2 . < * >

Ескерту: 42-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен.

43. Егер төлем жасайтын жер Ұлттық Банктің орталық аппаратының тұрған жерімен сәйкес келсе:

1) Ұлттық Банктің жауапты қызметкері төлем жасаушының нақты тұрған жерін анықтайды, оның вексельде көрсетілген мекен-жайға сәйкестігін тексереді;

2) жауапты қызметкер вексель бойынша төлем мерзімі аяқталғанға дейін 5 (бес) банктік күн ішінде төлем жасаушы вексельде көрсеткен төлем жасаушыға немесе тұлғаға төлем жасаудың қажетті деректемелерін көрсете отырып төлем мерзімінің аяқталғаны жөнінде жазбаша хабарлайды;

3) жауапты қызметкер вексель бойынша төлем жасау күні төлем жасайтын жер ретінде вексельде көрсетілген жерде, төлем жасаушы вексельде көрсеткен төлем жасаушыға немесе тұлғаға вексельде көрсетілген соманы және басқа соманы, заңға сәйкес алуға өтініш жасайды. Төлем жасайтын жерде төлем жасаушы немесе ол белгілеген адам келмесе, сондай-ақ вексельді төлеуден бас тартса, жауапты қызметкер төлем жасамағанына наразылық ретінде нотариалдық кеңсеге өтініш береді.

4) жауапты қызметкер төлем жасамағанына наразылық білдіргеннен кейін төлем жасаушының келісімінсіз-ақ вексель бойынша соманы өндіріп алу үшін заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдайды. Вексель бойынша төлем жасаушының есепшотында ақша жеткіліксіз болса немесе болмаса, Ұлттық Банк "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем жасаушының мүлкінің есебінен төлеттіріп алу не вексель бойынша міндетті басқа тұлғалардан регрестік талап ету жөнінде сот органдарына өтініш беруге құқылы. "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 47 және 48-баптарында көзделген наразылық бойынша шығыс, өсімпұл және комиссия төлем

жасаушыдан көрсетілген ақшаны төлеттіру туралы акті негізінде ғана төлем жасаушыдан өндіріліп алынады. Төлем жасаушының ақшасы (мүлкі) болмағандықтан вексель бойынша төлем жасату мүмкін болмаған жағдайда вексель бойынша міндетті басқа адамдарға, оның ішінде вексельді Ұлттық Банктің пайдасына инкассо жасаған банкке шағым беріледі.

44. Егер төлем жасайтын жер Ұлттық Банктің орталық аппаратының тұрған жері мен сәйкес келмесе:

1) жауапты қызметкер вексельді Ұлттық Банктің филиалдарына инкассоға жібереді;

2) филиалдың жауапты қызметкері вексельді алғаннан кейін вексельді төлемге ұсынуға қажетті іс-әрекеттің бәрін жүзеге асырады.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 395 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің вексельдерді
қайта есептеу ережесіне

N 1 қосымша
Қазақстан
Ұлттық Банкі

Республикасының

**Вексельдерді қайта есептеуге қабылдауға
өтініш**

(вексель беруші есеп кеңсесінің атауы)

(вексельдің сомасы және валютасы санмен және жазумен)
_____сомаға вексельді қайта есептеуіңізді сұрайды.

(вексель берушінің атауы және мекен-жайы/тұрған жері)
индосанттар

(индосанттардың атауы және мекен-жайы/тұрған жері)
вексель бойынша міндетті басқа адам _____

(вексель бойынша міндетті адамдардың атауы және мекен-жайы/тұрған жері)

вексель бойынша төлемнің мерзімі _____

Төлем жасалған жер _____

"Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 395 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің вексельдерді қайта есептеу
ережесіне Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта
есептеу ережесіне өзгерістер мен
толықтыруларға
N 2 қосымша

*Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасының

(есеп кеңсесінің атауы)

Ұлттық Банкіне қайта есептеуге берген вексельдерінің қабылдау-өткізу актісі
200__жылғы "___" _____ Алматы қаласы

N	Вексель. дің сериясы	Вексель. дің нөмірі	Вексель жасау күні	Вексель беруші	Вексель сомасы	Вексель белгіленген төлем мерзімі	Авалист (егер болса)
---	----------------------------	---------------------------	--------------------------	-------------------	-------------------	---	----------------------------

— — — — —

— — — — —

Жалпы номиналдық сомасының барлығы:

Вексель санының барлығы (дана):

Құжаттарды өткізді: _____

Құжаттарды қабылдады: _____

"Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 15 қарашадағы
 N 395 қаулысымен бекітілген
 Қазақстан Республикасы Ұлттық
 Банкінің вексельдерді қайта есептеу
 ережесіне Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта
 есептеу ережесіне өзгерістер мен
 толықтыруларға
 NN 2-1 қосымша

*Ескерту: 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
 Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасының
 (есеп кеңсесінің атауы)

Ұлттық Банкіне қайта есептеуге берген вексельдерінің тізілімі

N	Вексельдің сериясы мен нөмірі	Вексель. ді жасау күні	Вексель беруші, оның мекен- жайы	Вексель сомасы (теңге)	Төлем мерзімі	1-вексель ұстаушы, оның мекен- жайы	2-вексель ұстаушы, оның мекен- жайы
---	-------------------------------------	------------------------------	--	------------------------------	------------------	---	---

— — — — —

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

3 - вексель ұстаушы, оның мекен-жайы	оның	4 - вексель ұстаушы, оның мекен-жайы
---	------	---

"Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 1999 жылғы 15 қарашадағы
 N 395 қаулысымен бекітілген
 Қазақстан Республикасы Ұлттық
 Банкінің вексельдерді қайта есептеу
 ережесіне Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта
есептеу ережесіне өзгерістер мен
толықтыруларға
NN 2-2 қосымша

*Ескерту: 2-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 20 сәуірдегі N 109 қаулысымен .*

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банктің қайта есептеуге берген
вексельдеріне сараптама жүргізу қорытындысы бойынша,

NN _____ вексельдерді

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта есептеуге қабылдайтынын;

NN _____ вексельдерді

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта есептеуге
қабылдамайтынын хабарлайды.

Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта есептеуге
қабылдайтын вексельдер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
пайдасына иноссамент қоюға тиіс.

Уәкілетті бөлімшенің

директоры